

Ш. Жанадилов

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: janadilov7@yandex.kz)

Ұлы ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің ғұмырбаяндық деректері – ғылыми-педагогикалық білім кеңістігінде

Аннотация. Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстан аумағында таралуына зор үлес қосқан тарихи тұлғалардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи. Ол – мұсылмандардың рухани ұстазы. Оның еңбектері мен даналық хикметтері бүгінге дейін өз маңызын жойған емес. Қ.А. Ясауидің «Диуани хикметі» тек сопылық әдебиеттің ғана емес, түркі халықтарының да ежелгі рухани ескерткіштерінің бірі болып табылады.

Аталған зерттеу жұмысы әлі күнге дейін нақты көрсетілмеген ұлы ұстаз Қ.А. Ясауидің ата тегі, туылған және қайтқан жылдары туралы деректерді оның кітабы «Хикметтің» және басқа да қолжетімді мәліметтердің негізінде айқындауға және нақтылауға бағытталған. Мақала мазмұнында Қ.А. Ясауидің шығу тегін, туған және қайтқан жылдарын дұрыс анықтау үшін миграж және хиджра туралы ақпараттар пайдаланылды.

Түйін сөздер: педагогика, ұстаз, Қ. А. Ясауи, ата тегі, туылған жылы, қайтыс болған жылы, Хикмет, шежіре.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-137-4-220-228>

Кіріспе

Ұлы ұстаз Қ. А. Ясауидің өз халқына қызмет етуге ұмтылысы оның мәні өшпес, әйгілі мұрасы «Диуани хикмет» (Ақыл, даналық кітабы) атты жинағынан айқын көрініс берді. Ол халық даналығы мен оған түсінікті тәрбие туралы идеяларды қорытындылай келе, оларды ерекше бейнемен өзгертті және халықтың өзіне қайтарды. Мұнда халықтың болашаққа мазасыздықпен қарауы, адамгершілік сабақтары қызметін атқарған сол тарихи зерденің өзі, орындалуы бүгінгі күні де мағыналылығын жоймаған келешек ұрпаққа өсиеттер бар. Ясауидің еңбектерін педагогикалық, философиялық, діни және де басқа

да бағыттарды зерттеп жазған материалдар жеткілікті, әлі де жаңа зерттеулер жалғасуда. Дегенмен, Қ.А. Ясауидің өмірбаяны, әсіресе ата тегі, туылған және қайтыс болған жылдары туралы мәліметтер нақтыланбаған, олар туралы әртүрлі біріне бірі сәйкес келмейтін ақпараттар баршылық.

Зерттеу әдістері

Біз осы зерттеуімізде Қ.А. Ясауидің «Хикмет» кітабында өзі жазған шумақтарды және жарық көрген қол жетімді мәліметтерінің негізінде ол кісінің ата тегі, туылған және қайтыс болған жылдары туралы талдап өз пікірімізді білдіруді дұрыс көрдік [1].

Талқылау және нәтижелер

Қ.А. Яссауидің тегін, туған және қайтыс болған жылдарын дұрыс анықтау үшін миғраж және хиджра туралы түсінігіміз қажетті деңгейде болуы керек.

Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) 621 жылы Режеп айының 26-сынан 27-сіне қараған түні, дүйсенбіде Жаратушы Сансыз Иеге көкке көтерілуге рұқсат етілді. Онда пайғамбарымыздың қасында Жабрейл (ә.с.) болды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көкке пыраққа мініп ұшқан. Қазақстан Республикасының Ел таңбасында салынған сол пырақтың сұлбесі. Ол туралы Құранның 17- Әл-Исра сүресінде баяндалған. Бұл уақиға Меккеден Мединеге хижрат етуден 18 ай бұрын болған және 621 жылдың наурыз айына сәйкес келеді [2].

Жыл басталуын санаудың негізінен үш түрі бар. Бірінші түрі Жер ғаламшары жаратылғаннан бастап санау. Мұны қазақ «жыл қайыру (зодиак)», «ұлыстың ұлы күні» деп атайды, жылдың басы 21 наурызда басталады және жаратылыстың негізі болып келеді. Бұл күнтізбелік санақ. Мұнда бір жылда 365 тәулік бар. Екінші түрі айтізбелік. Бұл тізбек Күн, Ай және Жер ғаламшары үшеуінің өзара әсерінің нәтижесінде пайда болып Жер бетіндегі құбылыстарды реттеп отырады. Мұнда бір жылда 355 тәулік бар, сондықтан ол жыл сайын 10 тәулікке алға жылжып отырады. Сондықтан жыл басы да өзгеріске ұшырайды. Үшінші жыл санауы шартты, тек қана шаруашылық есебі үшін қолданылады. Бұл жыл санау күнтізбелік, 1 қаңтардан басталып отырады. БҰҰ үшінші жыл санағын ресми етіп қабылдаған [3].

Қазіргі кезде екінші жыл санағын Мұхаммед (с.ғ.с.) Меккеден Мединеге (бұрынғы аты Ясриб) қашып барып паналаған уақыттан бастайды. Сондықтан мұны «Хиджра» (араб.: هجرة — көшіп жүру, қоныс аудару) деп атайды. Өйткені Меккедегі ислам дініне қарсы болған арабтар алғашқы кезде Мұхаммедті өлтірмекші болған. Сондықтан өзі және оның жақтастары 622 жылы келісіп Меккеден Мединаға көшуге мәжбүр болған. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі Әбу Бәкірмен бірге Меккеден шілде

айында қашып шыққан. Хижраны Мұхаммедтің орнына отырған екінші халиф Омар (Ғұмар бин әл-Хаттаб) 637 жылы рәсімдеп, оның басталуын араптардың жыл сануы бойынша бірінші айы Мукхарамның басталған күні 622 жылдың 16 шілдесі деп шешім шығарған.

Енді Қожа Ахмет Ясауидің шыққан тегі туралы қол жетімді ақпараттарды талдап көрейік. Пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ә.с.) оған силаған күндерімен қосқанда он үш жұбайы болған. Солардан жеті перзент дүниеге келген. Оның үшеуі ұл бала (Қасым, Абдулла, Ибрахим), төртеуі қыз бала (Зайнаб, Рукия, Фатима, Умма-Кульсум). Пайғамбарымыздың ұл балаларының барлығы кішкентай кезінде шетінеп кеткен. Пайғамбарымыздың төңірегіндегі ол кісіні көре алмайтындары: «Сенің ұрпағың жоқ, несіне қалған жұртты үгіттейсің» деп табалаған. Осындай кезекті табалаудан кейін пайғамбарымыз (с.ә.с.) қатты уайымдап отырғанда Кәусар сүресі түседі. «Біз саған Кәусарды бердік. Сондықтан Раббың үшін Құран оқы және құрбандық шал. (Сені ренжіткен) дұшпандарыңның өзі ұрпақсыз қалады». (108 -Әл- Кәусар сүресі. 1-3 аяттар). Кейбір діни ағымдарда осы сүреге сәйкес Әлі мен Фатимадан тараған ұрпақтарды «пайғамбарымыздың (ә.с) ұрпақтары» деп қабылдау ұсынылған және бұл қазіргі кезде кең етек алып отыр.

Қазақта келесі сөз тіркесі бар: «Өзіңнен тумай ұл болмайды,». Туысқан болу үшін қаны тектес болу керек. Ол туралы Құранда мына мысал бар. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) ұл балалары тұрмағаннан кейін құлы Зәйдті құлдықтан босатып, асырап алып, оны жиені Зейнепке үйлендіреді. Кейін Зәйд Зейнеппен ажырасқанда, Мұхаммед (с.ғ.с.) Зейнепке өзі үйленеді. Кіндігінен шыққан баланың әйеліне (келініне) үйленуге болмайды, ал Зейд асыранды болуына байланысты оның әйеліне үйленуге рұқсат етілген. Бұл мысал тектес болмаса туысқанға жатпайтынды көрсетеді. Бұл туралы Құранда келесі ақпараттар жазылған: «37. Алла бақ берген өзіңнің де ықыласың ауған бір адамға (Зәйдке) кезінде сен: «Алладан қорқатын болсаң жұбайыңмен ажыраспа!», - деп едің, Алланың жарияла деп тұрған

нәрсесін көңілінде жасыруда едің. Адамдардан қорықпай негізінде Алладан ғана қорқу керек. Зәйд жұбайымен ажырасқан кезде (жұбайы Зейнепке) саған некелесуге, мүміндерге, асырап алған балаларының әйелдеріне үйленуге болады. Алланың (Зейнепті алуы туралы) әмірі орындалды. 40. Мұхаммед (с.ғ.с.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Ол Алланың елшісі және ақырғы пайғамбар. Алла барлық нәрсені толық білуші». (33-Әл-Ахзаб сүресі). Осы сүренің 40 аятында жазылғандай: «Мұхаммед (с.ғ.с.) сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Ол Алланың елшісі және ақырғы пайғамбар. Алла барлық нәрсені толық білуші» пайғамбарымыз «ешбір еркектің әкесі емес» яғни ол кісіні өзінен кейінгі адамдардың «әкесі» деп айтуға болмайды. Осыған орай егер пайғамбарымыз (с.ә.с.) «ешкімнің әкесі болмаса», онда ол кісінің жұбайларын басқа біреулердің «аналары» деп айтуда жаңсақтық болып табылуы мүмкін.

Адам екі бөліктен: кісі және пендеден құралады. Пенде тектік қасиетті жанды ата-анадан алып, ұрпаққа жалғастырып беріп отырады. Ал әрбір кісінің жеке рухы оған анасының құрсағында даму кезінде 13 аптада үріліп, аманатқа тапсырылады. Ол туралы Құранда келесі ақпараттар бар: «Оның (адамның) жаратылысын тамадап, оған рухымнан үрлеген сәтте, оған құлдық ұрыңдар!» (15-Әл-Хыжр сүресі. 29 аят); «Біреу үшін ешкім жәрдем етпейтін, біреуден біреуге шапағат қабылданбайтын, ешкімнен бодау алынбайтын және күнәһарларға еш көмек болмайтын бір күннен сақтаныңдар». (2-Әл-Бақара сүресі. 48 аят). Осы аяттарға сәйкес әрбір адамға оның жеке рухы өзіне ғана аманатқа тапсырылады және соған тән ғана болып келеді, бір кісінің рухани қасиеті екінші кісіге берілмейді, әрбір адам жеке сұралады. Адам бойында ұрпақтан ұрпаққа берілетін тек қана текті ақпарат және соған байланысты қасиеттер болып келеді.

Бұл мысалдар пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ә.с.) кейінгі араб билігі өз мүддесі үшін Құранның кейбір аяттарын догмаға айналдырып, елді билеу үшін қолданып келе жатқанының дәлелі болып келеді.

Қ.А.Ясауидің тегін талдау үшін оның негізіне ақынның 149-хикметінде оның шыққан тегі

туралы төмендегі сыр шертуін: «...Ысқақ баба жұрыны, шейх Ибраһим құлыны,...» және әкесі Ибраһим атаның қолымен жазылған шежіресін алдық. Төменде ол шежіренің толық аудармасы берілген. Онда былай жазылған: "1.Хазрет Ғали Ризааллаһу Ғанһу уа Хазрет Ғали Ризааллаһу Ғанһуның оғлы; 2.Имам Мухаммад Ханифа, Имам Мухаммад Ханифаның оғлы; 3.Имам Мухаммад Бақи, Имам Мухаммад Бақинің оғлы; 4.Имам Ғали Муса Риза, Имам Ғали Муса Ризаның оғлы; 5.Имам Хазрет, Имам Хазретнің оғлы; 6.Садыр Баб, Садыр Бабның оғлы; 7.Исхақ Баб, Исхақ Бабның оғлы; 8.Ғабдур Баб, Ғабдур Рахим Бабның оғлы; 9.Ғабдул Баб, Ғабдул Бабның оғлы; 10.Исенханжа Баб, Исенханжа Бабның оғлы; 11.Қарға Баб, Қарға Бабның оғлы; 12.Мажин Баб, Мажин Бабның оғлы; 13.Хорасан Баб, Хорасан Бабның оғлы; 14.Хасан Қожа Баб, лақабы Қабаж Ата, Оранғайда бир кем отуз ийл шайхлық қылыб турурлар. Бір арық сулары бар ким Ғата Баба шайхның аутатларының иетим хақи турур, һар шул суға дахил қылсалар дуния ахирети мағмур болмағай. Руз, хиямат дағуакер шулар турур. Мен Хасан қожа Бабның оғлы; 15.Ибраһим Ата, Ибраһим Атаның оғлы; 16.Хазрет Қожа Ахмад Иасауи,» [4].

Бұл жерде жазылған Имам Мұхаммад Бақи және оның немересі Имам Әлі Мұса Риза олар Әлі ибн Әбу Тәліптің кіші баласы Хусейннің ұрпақтары және олар шииттер имаматының бесінші, жетінші имамдары болып келеді. Шииттердің имамат докторинасы бойынша бекітілген 12 имамның оны Хусейнмен қоса оның тікелей ұрпақтары болып келеді, яғни бұл қатаң атадан балаға өтіп отыратын нәрсе. Ол имамдардың тізімі келесідей: 1.Имам Әлі ибн Әбу Тәліп, (600-661 ж.ж.); 2. Имам Хасан (624-670 ж.ж.); 3, Имам Хүсәйн (626-680 ж.ж.); 4. Имам Әлі (658-712 ж.ж.); 5. Имам Мұхаммед (677-732 ж.ж.); 6. Имам Джафар (702-765 ж.ж.); 7. Имам Мұса (744-799 ж.ж.); 8. Имам Әлі (765-817 ж.ж.); 9. Имам Мұхаммед (810-835 ж.ж.); 10. Имам Әлі (827- 868 ж.ж.); 11. Имам Хасан (846- 874 ж.ж.); 12. Имам Мұхаммед (Мәһди) 878 жылы туылған. [5,6].

Қ.А.Ясауидің тікелей бабасы Әлі ибн Әбу Тәліп (600-661 ж.ж.) пайғамбарымыз Мұхам-

мед (с.ғ.с.) немере інісі және күйеу баласы. Ол жас кезінен пайғамбарымыздың қасында жүріп сол кісінің тәрбиесін алды. Бұл кісі Құранды сақтау, жазу, дәріптеу, тарату, мойындату еңбектеріне байланысты пайғамбарымыздан кейінгі екінші орында болып келеді. Оның Құранды мойындату үшін істеген еңбегі өте зор және ауқымды. 656 жылы үшінші халиф Оспан ибн Аффранды Египеттен келген оның дұшпандары өлтіреді. Олар Оспанның қорасында арасында Әлінің ұлдары Хасан және Хүсейн бар адамдар қорғап тұрғанда Оспанның үйіне ұрланып кіреді. Оспанның орнына төртінші халиф болып Әлі сайланады [7].

Әлі халифа болған кезінде Құранды уағыздаушылар арасында жік пайда бола бастады. Әліге тағылған айыптардың бірі оның халиф Оспанды өлтірушілердің ізіне түспеуі болды. Бұл жөнінде онымен келіспеген Сирияның билеушісі және Оспанның туысы, сол кездегі араб әскери басшыларының ірісі Мұғауия ибн Абу Суфян еді. Құрайштың көптеген мүшелері Әліге қарсы болды, өйткені ол «Мұхаммед (с.ә.с.) шыққан Хашемиттерді басқалардан үстем етті, Оспанның жақтастарын қызметінен алып тастады» деп айыптады. Осылардың нәтижесінде Талла мен Зубайыр пайғамбардың кіші әйелі Айшамен бірге қарсы шығып Басраны басып алды. 656 жылы Әлінің әскері «Түйе шайқасында» жеңіске жетіп, Талла мен Зубайыр өлтіріліп, Айша аман-есен Мединеге қайтарылады.

657 жылы Сиффин шайқасына Мұғауия әскері жеңілістің алдында тұрған кезде, Мұғауия жақтастарының бірі Амр ибн Ашаның кеңесі бойынша оның сарбаздары Құранның парақтарын найзаларына іліп шайқасқа шығады. Әлінің әскері қасиетті мәтінді көріп, соғысты тоқтатады. Мұғауия Әліден даулы мәселені Құран ережелеріне жүгіну арқылы шешуді ұсынады. Әлі арбитраждан ұтылғаннан кейін Мұғауия оның билігіне бағынудан жалпы бас тартады. Содан кейін Мұғауия Әлінің әскерлерін Египетте жеңіп, Амр ибн әл-Ханы әкім сайлайды. Осылайша халифаттың құрамында өз алдына билік құрған субъект қалыптасты және де бұл кейіннен Мұ-

хаммед (с.ә.с.) үмметтері арасында екі үлкен ағымның: суниттер және шииттер қалыптасуына себеп болды. Бұл кезде Әліні де, Мұғауия да биліктен тайдырамыз деген күштер болды, бірақта олар ортақ шешімге келе алмады [8].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ә.с.), онымен тікелей араласқан және Құранды арнаулы зерттеген аздаған арабтар болмаса, сол дәуірде олардың көпшілігі білімсіз болды, Құранның мағынасын толығымен түсіне білмеді. Сол себептен олар «бүйректен сирақ шығарып» Құранның мағынасын тек қана өздерінің бас пайдасына билікке, баюға қолданды, ал бұл өз кезегінде Құран уағыздаушылар арасында әртүрлі ағымдардың пайда болуына әкеліп соқты және бұл үрдіс осы уақытта да жалғасын тауып келе жатыр. Дінде бөліну қазақ үшін өте үлкен қауіптердің негізгісі болып келеді.

Әлі Куфада қайтыс болғаннан кейін (661 ж. 24 қаңтар) Ирактағы әскер бірден Хасанға ант берді. Хасан 6 ай биліктен соң одан бас тартады. Хасан үнемі Мәдинада өмір сүргені, діндар болғандығы, бірақ үнемі ажырасып, қайта үйленгені белгілі. Тарихшы-шығыстанушы ғалым Мюллер пайымдауынша, өзінің өмірінде Хасанның гаремінде 70-ке дейін әйел болған, бірақ бір кезеңде төрт әйелден артық болмаған. Сондықтан, халық арасында оны «митлак (ажырасқыш)» деп атаған. Халифаттағы негізгі билікке ие болған Сирияның губернаторы Мұғауия оған хабарлама жіберіп, онда биліктен бас тарту үшін өз шарттарын қоюды ұсынды. Мұғауияның інісі Хүсейнге 2 миллион дирхам ұсынғанын естіген Хасан 5 миллион дирхам, сонымен қатар Персияның бір ауданынан табысты талап етеді де, Мұхаммед (с.ә.с.) үмбетінің арасында іріткіге жол бермес үшін билікті өзіне қарсы шыққан Мұғауия ибн Әби Суфиян тапсырады. Хасан 661 жылы Мұғауияға билікті бергенімен Мекке және Мәдина халықтарының біраз бөлігі 680 жылға дейін өз алдына билік құрып келген [9].

680 жылы Мұғауия ибн Әби Суфиян халифаны кеңес (а шура) шешімі арқылы дайындауды бұзып өзінің баласы Язидті халиф етіп тағайындайды. Бұл араб билігінде монархи-

яның қалыптасуына бастама болды. Бұған халифтіктен үміті бар бұрынғы халифтердің ұрпақтары қарсы болды. Олар әр жерде бас көтеруге әрекет ете бастайды. Куфаның халқы Хүсейнге хабар беріп, егер ол келсе көтерілетіндерін білдірген. Хүсейн отбасымен түгел Куфаға жол тартады. Мұны естіген Язид Куфаның губернаторын ауыстырып, ондағы адамның біразын өз жағына қаратып алады. Хүсейн сапарын жалғастырып Кербала қаласына жете бергенде оның алдынан Язидтің әскері шығып соғыс болып, Хүсейннің қасында болған, қылыш көтергендердің барлығы өлімге ұшырайды. Тек қана, ауру болып қылыш көтермеген Хүсейннің баласы Әліні тірі қалдырады. Бұдан кейін билікке талас өріс алды. Кербала уақиғасынан кейін Ибн әл-Зубайрдың көтерілісі, Әл-Харрах шайқасы, және Мекке қоршауы (683 ж.), Таувабин көтерілісі және Айн әл-Варда шайқасы (685 ж.), Мұхтар әл-Тақафи, Хазир шайқасы (686 ж.) және Харура шайқасы болды [10].

Осы кезеңнен бастап араб билігінен үміткерлердің негізгісі Әліден тарағандар болуына байланысты оның ұрпақтары қуғын сүргінге ұшырап қысым көреді. Сондықтан, олар өздерін және жақтастарын қорғау үшін шиит ағымы туралы имамат қалыптастыруға мәжбүр болды. Халиф Омар ибн Абділғазиз (717 -720 ж.ж.) Әлі ибн Тәліпке жұма құтбаларында тіл тигізу салтын тоқтатқанша оларды қудалау ресми түрде жүргізіліп келді және ары қарай жалғасын тапты. Осылайша Мұхаммед (с.ә.с.) үмметтері екі негізгі ағымға: сунниттер және шииттер болып бөлінді [11].

Әлі ибн Хусейн (658 -712ж.ж.) әкесі қайтыс болған Кербеладағы оқиғадан кейін Хусейннің жалғыз тірі қалған ұлы болды. Ол ауру болғанына байланысты қолына қылыш алып жауға шығуға шамасы келмеді, сондықтан қарсыластыры қылыш ұстамаған адамды және оның ұл балаларын өлтірмей, тұтқындады. Әлі ибн Хусейн тұтқындалып, халиф Язид І-ге Дамаскіге жіберілді, содан кейін босатылып, Мединаға жіберілді. Мединада дін ғылымдарымен айналысты және Араб халифатының саяси өміріне белсенді қатысқан жоқ. Әлі ибн Хусейн өте діндар адам болған. Сон-

дықтан оны «Зейн әл-Абидин» («құлшылық етушілердің жарығы»), сондай-ақ Саджадом («құлдық ұрушы») деп атаған [12].

Мұхаммед әл-Бакир (677 -733 ж.ж.). Толық аты-жөні Мұхаммед ибн Әлі ибн Әл-Хусейн ибн Әлі ибн Әбу Тәліп, сонымен қатар Әбу Джафар немесе жай Әл-Бакир («білім ашатын адам») деп те атады. Мұхаммед әл-Бакир Мединада Мұғауия ұлы Язидке адал болуға ант беруге тырысқан кезде дүниеге келген. Бала кезінде Әл-Бакир Кербаладағы қайғылы оқиғаның куәсі болды, онда науқас әкесінен басқа барлық ер туыстары қаза тапты. Жас кезінде Бакир Умайяд, Абдаллах ибн аз-Зубайр және кейбір шиит секталары арасындағы билік үшін күресті бақылап отырды; сонымен бірге Бакир әкесінің саяси мәселелерге байланысты биліктен бас тартқанын көрді. Әл-Бакирді біліміне байланысты тек қана шииттік ағымдағы емес, сүнниттік ағымдағы мұсылмандарда құрметтейді. Әкесі сияқты, ол Умайяд Халифаларына қарсы қақтығыстарға қатыспауға тырысты, тіпті өзінің інісі Зайд ибн Әліні қақтығыстардан алыс болуға көндіруге тырысты. Әл-Бакир өз уақытын имамат теориясын жасауға жұмсады. Арзинаның айтуынша оның ұлы және мұрагері Джафар Әл-Садик Мұхаммед әл-Бакир жасаған шиизмді ары қарай дамытып, имаматтың негізін қалады [13].

Әбу Абдуллах Джафар ибн Мұхаммед әл-Кураши, Джафар ас-Садик (702-765 ж.ж.). Джафар ас-Садик умайяд халифасы бұйрығымен Дамаскіге шақырылған әкесімен бірге болған. Халиф резиденциясында Мұхаммед әл-Бакир халиф Әлі ибн Әбу Тәліптің өкілеттіктері туралы Нафимен пікірталасқа қатысты. Джафар ас-Садик бірқатар ізбасарлары мен жақтастарын жинады, олардың көпшілігі шииттердің көзқарастарын ұстанды. Оның шәкірттерінің арасында Әбу Ханифа, Малик ибн Анас және Васил ибн Ата сияқты танымал теологтар болды. Джафар ас-Садик фикһтың негізгі әдістерін түсіндірді; оны ислам құқықтық ғылымының (фикх) негізін қалаушылардың бірі деп санауға болады [14, 15].

Мұса ибн Джафар Әл-Кураши, имам Әл-Казим (745 – 799 ж.ж.). Әкесі қайтыс

болғаннан кейін (765) Мұса Мединада шамамен отыз жыл тұрды [16]

Әлі ибн Мұса ар-Рида (Риза) (765-818 ж.ж.). Ол керемет полемист, Құран, хадис және мұсылман құқығының ең танымал білгірлерінің бірі болды. Әлі ар-Рида кезінде халиф болған Әл-Мамун өзіне дейінгі Аббасидтердің кезінде ресми қара түсті байрағын шииттердің жасыл түсіне ауыстырды және де ақшаларда өзінің атынан кейін Әлі ар-Рида атын «ар-Рида, мұсылмандар имамы» деп жазғызды [16].

Сонымен, жоғарыда қысқаша сипатталып жазылған тарихи құжаттар көрсеткен түзетулермен Қ. А. Яссауидің тегі келесідей болады: «“1. имам Хазрет Әлі ибн Тәліп; 2. имам Хүсейн ибн Әлі; 3. имам Әлі ибн Хүсейн; 4. имам Мұхаммед әл-Бакир (Бақи); 5.имам Джафар ас-Садик; 6.имам Әл-Казим, Мұса ибн Джафар Әл-Кураши; 7.имам Әлі Мұса Рида (Риза); 8.имам Хазрет; 9.Садыр Баб; 10.Исхақ Баб; 11.Ғабдур Баб; 12.Ғабдул Баб; 13.Исенханжа Баб; 14.Қарға Баб; 15.Мажин Баб; 16.Хорасан Баб; 17.Хасан Қожа Баб; 18.Ибраһим Ата; 19.Хазрет Қожа Ахмет Иассауи».

Қожа Ахмет Яссауидің жеке өмірбаянына қатысты деректер аз сақталған және түрлі дерек көздері әртүрлі болжам айтады. Бір дерекке қарағанда ол 1103-жылы туылып, 1228-жылы дүниеден өткен. Басқа бір деректерде туылған жылы 1093 немесе 1041 жыл деген ұғым бар. Кейбіреуіне сүйенер болсақ, ақынның туған жылы белгісіз, ал қайтыс болған жылы 1166-жыл болуы мүмкін. Қожа Ахмет Яссауидің туылған және қайтқан жылдары туралы нақты деректер жоқтың қасында.

Біздің талдауға ұсынып отырған қорытындымыз Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметінде» жазылған мәліметтер негізінде жасалған тұжырым.

Енді, Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметінен» мағраж туралы жазғанын оқып көрейік:

«Ей, достар, құлақ салың гәпке ішқапа,
Сондықтан алпыс үште кірдім жерге.
Миғражда рухым көрді хақ Мұстафа,
Сондықтан алпыс үште кірдім жерге.

Сұрады Жебірейілден хақ расул:

“Тәңірі бұл неткен рух тәні ғасыл?!

Көзі жас, халыққа бас, жаны да асыл»,
Сондықтан алпыс үште кірдім жерге.

Жебірейіл: “Үмбет ісі бір сізге хақ,
Көкке ұшып, періштеден алар сабақ.
Сыйлайды жылағанға жеті табақ*”,
Сондықтан алпыс үште кірдім жерге.
* Жеті қат көк дегені.

“Үмбет боп төрт жүз жыл соң жерге шығып,

Халықты бұр жолынан пендешілік,

Он төрт мың мүждаһетті делбеші қып!” -

Сондықтан алпыс үште кірдім жерге.
(2-хикмет).

Бұл жерде «Миғражда рухым көрді хақ Мұстафа, ..», -деп жазылғандай миғражда пайғамбарымыз (с.ә.с.) Ахметтің рухын көрді. Оның сұрағына Жебірейіл: «“Үмбет боп төрт жүз жыл соң жерге шығып, Халықты бұр жолынан пендешілік, Он төрт мың мүждаһетті делбеші қып!” - деп жауап берді.

Ал, кезекті 71-хикметте Қожа Ахмет былай деп:

« Бабам айтты: Әй, балам, әдептен сен атадың,

Мен бес жүз жыл ұртымда мұны саған сақтадым.

Етін маған бердің де, нәрін өзің татқаның!” -
Арыстан бабам сөздерін есітіңіз – тәбәрік» -деп жазады.

Қожа Ахмет жарық дүниеге келгенін былай сипаттап жазды:

Тоғыз ай, тоғыз күнде түстім жерге,

Тұра алмай тоғыз сағат, ұштым демде.

Баспалдақ ғаршы-гүрсі күштым мен де,

Сондықтан алпыс үште кірдім жерге (2 хикмет)

Осы жерде Қожа Ахмет Ясауи миғраж оқиғасынан кейін дүниеге келгенін «Тоғыз ай, тоғыз күнде түстім жерге,...» деп жазады.

Енді бізге Қожа Ахмет миғраждан кейін неше жылдан соң дүниеге келгенін анықтау керек болады. Жоғарыда жазылғандай ол туралы «Хикметте» екі түрлі көрсеткіштер бар.

Осы екі хикметте жазылған «төрт жүз жыл» және «бес жүз жылдың» қайсысы дұрыс екенін салыстырып талдап көрейік. Жоғары-

да Қожа Ахметтің ата тегі жазылғанда оның алғашқы бабаларының туылған жылдары туралы толық дәлелді мәліметтер жазылған. Түбірінен қарасақ, Әлі ибн Тәліп 600 жылы, Хусейн ибн Әлі 626 жылы, Әлі ибн Хусейн 658 жылы, Мұхаммед ибн Әлі ибн 677 жылы, Әбу Абдуллах Джафар ибн Мұхаммед 702 жылы, Мұса ибн Джафар 744 жылы дүниеге келген. Шииттер имаматындағы қалған имамдардың Қожа Ахметке тікелей қатыстары жоқ. Бұлардың жас айырмашылықтары келесі сандарды құрайды: 26, 26, 21, 25, 42 және 21 жыл. Алтауының қосындысы 161 жыл құрайды. Оны алты ұрпаққа бөлсек онда 26,83 саны шығады, яғни орта есеппен келесі ұрпақ 27 жыл шама-сында дүниеге келіп отырған. Бұл туралы қазақ: «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан»-деп тұжырымдап кеткен. Себебі 50 жылда үшінші ұрпақ пайда болып бәрі жаңарады, ал жүз жылда ескінің бәрі жаңарып, тек қана өзіне тән салты бар жаңа ұрпақ қалыптасып отырады.

Егер де, Қожа Ахмет миғраждан соң «төрт жүз жылда» дүниеге келдік десек, онда ол 1021 жылы наурызда туылған болады. Қожа Ахмет Әлінің 19-шы ұрпағы. 1021-600 (Әлінің туған жылы) алсақ онда 421 жыл болады, ал оны 19 бөлсек 22,16 жыл шығады. Ал, Қожа Ахметті миғраждан «бес жүз жылдан» соң туды деп есептесек, онда ол кісі 1121 жылы наурызда дүниеге келген болады. 1121 ден 600 алсақ онда 521 жыл болады, оны 19 бөлсек 27,42 жыл шығады. Қожа Ахметті 1121 жылы туған деп санағанымызда ұрпақ арасындағы

жас айырмашылығы оның бабаларының жас айырмашылығына жақын болып (26,83 және 27,42 жыл) келеді, ал туған жылын 1021 жылы деп қабылдағанда ұрпақ арасындағы жыл айырмашылығы (22,16 және 27,42 жыл) бес жылдан асып кетеді. Сондықтан Қожа Ахметті 1121 жылы наурызда туылған деген қорытынды дұрыс болып келеді және ол соңғы уақытта жазыла бастаған мәліметтермен (1103-1228 ж.ж.) үндес болып келеді.

Осы жазбалардың негізінде Қ.А. Ясауидің туған жылы 1121 жылы наурыз айы деп тұжырымдауға толық негіз бар.

Ал, Қожа Ахмет қанша жыл тіршілік өмір сүргені туралы келесіні жазды:

Еш көмек жүз жиырма беске дейін

Ел-жұрттан ала алмадым не істемейін.

Ертеңнен егілмедім кешке дейін,

Зейін сап жерге кірді Қожа Ахмет (20-хикмет).

Сонда Қожа Ахмет Ясауи қайтқан уақыты 1246 (1121+125) жылдың күзіне сәйкес келеді.

Қорытынды

Зерттеудің нәтижесінде Қ.А.Ясауидің тегі толықтырылып, туған және қайтыс болған жылдары нақтыланды:

1. Қ.А.Ясауи Әлі ибн Тәліптің он тоғызыншы ұрпағы.
2. Қ.А.Ясауи миғраж уақиғасынан 500 жылдан соң дүниеге келді.
3. Қ.А.Ясауидің туылған жылы 1121 жыл.
4. Қ.А.Ясауи қайтыс болған жылы 1246 жыл.

Әдебиеттер тізімі

1. Иассауи Қ.А. Диуани Хикмет: ақыл кітабы. / Қазақшаға ауд. М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. – Алматы: Өнер. – 2007.
2. Құран Кәрім. Арапша транскрипциясы және қазақша мағынасы. – Алматы. – 2014.
3. Жанадилов Ш. Аллах Жалғыз жаратушы немесе жүйе туралы қағида. – Астана. – 2000.
4. Қожа Ахмет Яссауи өмірбаяны. [Электронды ресурс]. – URL: <https://ikaz.info/> (қаралған күні: 8.09.2021).
5. Вероубеждения шиитов имамитов. Шейх Мамдух ибн Әли әл-Харби [Электрон. ресурс]. – URL: <http://sawab.org> (дата обращения: 19.09.2021).
6. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd», 2010.

7. Ас-Салляби, Али Мухаммад. 'Усман ибн 'Аффан. Третий праведный халиф. / Пер. с араб., прим., комм. Е. Сорокумовой. — Москва: Умма, 2012.
8. Али ибн Абу Талиб (Али). История. Биография. Деятельность. Факты. [Электрон. ресурс]. — URL: <https://astromagicmoon.ru> (дата обращения: 18.09.2021)
9. Мюллер А. История ислама. От доисламской арабов до падения династии Аббасидов. — Москва: АСТ-Астрель, 2004.
10. Вальери Л.В. «(Al) - asan b. 'Alī b. Abī ālib». Жылы Льюис, Б.; Менедж, В.Л.; Пеллат, Ч. & Шахт, Дж. (ред.). Ислам энциклопедиясы, жаңа басылым, III том: Н – Ирам. Лейден: Э. Дж. Брилл, 1971.
11. Халифтер тізімі. [Электронды ресурс]. — URL: <https://ru.wikipedia.org/> (қаралған күні: 10.09.2021):
12. Али-заде А.А. Али Зайн аль-Абидин // Исламский энциклопедический словарь. — Москва: Ансар, 2007.
13. Али-заде А. А. Мухаммад Бакир // Исламский энциклопедический словарь. — Москва: Ансар, 2007.
14. Прозоров С. М. Джафар ас-Садик // Ислам: энциклопедиялық сөздік. - Москва: Ғылым, ГРВА, 1991.
15. Али-заде А.А. Джафаритский мазхаб // Исламский энциклопедический словарь. — М.: Ансар, 2007.
16. Али-заде А. Али ибн Муса // Исламский энциклопедический словарь. — Москва: Ансар, 2007.

References

1. Iassau K.A. Diuani Hikmet: akyl kitaby Translation into Kazakh by M.Zharmyamedyly, S.Dauityly, M.Shafigi [Diwani Hikmet] (Almaty, Oner, 2007).
2. Kyran Karim. Arapsha transkripciyasy zhane kazaksha magynasy [The Holy Quran. Arabic transcription and Kazakh meaning] (Almaty, 2014).
3. ZHanadilov SH. Allah ZHalgyz zharatushy nemese zhyje turaly kagida [Allah is the One Creator or the principle of the system] (Astana, 2000).
4. Kozha Ahmet YAssau omirbayany [Biography of Hodja Ahmed Yassawi]. [Electronic resource]. Available at: <https://ikaz.info/> (Accessed: 8.09.2021).
5. Veroubezhdeniya shiitov imamitov. Shejh Mamduh ibn Əli əl-Harbi [Beliefs of Shia Imamites]. [Electronic resource]. Available at: <http://sawab.org> (Accessed: 19.09.2021).
6. Islam. Enciklopediialyk anyktamalyk [Islamic Encyclopedic Handbook] (Almaty: Aruna Ltd., 2010).
7. As-Sallyabi, Ali Muhammad. 'Usman ibn 'Affan. Tretij pravednyj halif. 'Usman ibn' Affan [The Third Righteous Caliph]. Translation from Arabic, notes, commentary by E. Sorokoumova (Moscow: Umma, 2012).
8. Ali ibn Abu Talib (Ali). Istoriya. Biografiya. Deyatel'nost'. Fakty [Ali ibn Abu Talib (Ali). History. Biography. Activity. Facts]. [Electronic resource]. Available at: <https://astromagicmoon.ru> (Accessed: 18.09.2021).
9. Myuller A. Istoriya islama. Ot doislamskoj arabov do padeniya dinastii Abbasidov [History of Islam. From pre-Islamic Arabs to the fall of the Abbasid dynasty] (AST-Astrel, Moscow, 2004).
10. Valeri L.V.. «(Al) -Hasan b. 'Alī b. Abī Tālib». ZHyly L'yuis, B.; Menedzh, V.L.; Pellat, CH. & SHAht, Dzh. (red.). Islam enciklopediiasy, zhana basylym [Islamic Encyclopedia. New edition] (Iram. Leiden: E. J. Brill, 1971).
11. Halifter tizimi [List of caliphs] [Electronic resource]. Available at: <https://ru.wikipedia.org/> (Accessed: 10.09.2021).
12. Ali-zade A.A. Ali Zajn al'-Abidin. Islamskij enciklopedicheskij slovar' [Islamic encyclopedic dictionary] (Ansar, Moscow, 2007).
13. Ali-zade A. A. Muhammad Bakir. Islamskij enciklopedicheskij slovar' [Islamic encyclopedic dictionary] (Ansar, Moscow, 2007).
14. Prozorov S. M. Dzhafar as-Sadik. Islam: enciklopediialyk sozdik [Dzhafar as-Sadik. Islamic encyclopedic dictionary] (Moscow, 1991).
15. Ali-zade A.A. Dzhafaritskij mazkhab. Islamskij enciklopedicheskij slovar [Jafari Madhhab. Islamic encyclopedic dictionary] (Moscow, 2007).
16. Ali-zade A. Ali ibn Musa. Islamskij enciklopedicheskij slovar [Ali ibn Musa. Islamic encyclopedic dictionary] (Moscow, 2007).

Ш. Жанадилов

Международный казахско-турецкий университет им. К.А. Ясауи Шымкент, Казахстан.

**Биографические данные великого учителя Ходжа Ахмеда Ясауи -
в пространстве научно-педагогических знаний**

Аннотация. Одним из исторических деятелей, внесших большой вклад в распространение ислама на территории Средней Азии и Казахстана, является Ходжа Ахмед Ясауи. Он – духовный учитель мусульман. Его труды и мудрость не утратили своего значения и по сей день. «Диуани Хикмет» Х.А. Ясауи является одним из древнейших духовных памятников не только суфийской литературы, но и тюркских народов.

Данная исследовательская работа направлена на выявление и уточнение данных о происхождении, годах рождения и смерти великого учителя К.А. Ясауи, до сих пор не уточненных, на основании его книги «Хикмет» и других доступных сведений. В содержании статьи использована информация о мифраже и хиджре для правильного определения происхождения, года рождения и смерти Х. А. Ясауи.

Ключевые слова: педагогика, учитель, К. А. Ясауи, родословие, год рождения, год смерти, Хикмет, генеалогия.

Zh. Zhanadilov

K.A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, Shymkent, Kazakhstan

**Biographical data of the great teacher Khoja Ahmed Yasawi –
in the space of scientific and pedagogical knowledge**

Abstract. One of the historical figures who made a great contribution to the spread of Islam in Central Asia and Kazakhstan is Khoja Ahmed Yasawi. He is the spiritual teacher of Muslims. His works and wisdom have not lost their significance to this day. «Diwani Hikmet» by H.A. Yasawi is one of the oldest spiritual monuments not only of Sufi literature, but also of the Turkic peoples.

This research work is aimed at identifying and clarifying data on the origin, years of birth and death of the great teacher K.A. Yasawi, which have not yet been clarified, based on his book «Hikmet» and other available information. The content of the article uses information about the mirage and Hijra to correctly determine the origin, year of birth and death of H. A. Yassawi.

Keywords: pedagogy, teacher, K. A. Yasawi, ancestry, year of birth, year of death, Hikmet, genealogy.

Автор туралы мәлімет:

Жанадилов Ш. – медицина ғылымдарының докторы, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Шымкент медицина институты, «№1 жалпы дәрігерлік практика» кафедрасының доценті, Шымкент, Қазақстан.

Shaizinda Zh. – doctor of medical sciences, K. A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, Shymkent Medical Institute, Associate Professor of «№1 General Practice», Shymkent, Kazakhstan.